

ҚАҺАРМАН ҚАЗАҚ



Таластың бойы ен тоғай, тоғай бойы көк орай еді. Жаз болса Таласты жағалай келіп, ен тоғайға ел қонушы еді. Тоғай да, тоғай бойы өсіп толған көкорай шалғын бәйшешек те сол қалпында. Бірақ ен тоғайға жағалай келіп ел қонбады. Көктем шыға арнасынан аса тасып, қып-қызыл болып аққан Талас жаз бойы өткел бермеді. Көпір біткеннің бәрін шайып кетті. Өзеннен балықша жүзетін қарулы жігіттер ғана өтті. Тығыз шаруамен жүргендер өзенге арқан тастап, арқан бойлап өтуге мәжбүр болды. 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысының алғашқы сызы алыс аймақтағы ауылға осындай кезде жетті.

Ел аузында сақталған әңгімелерге қарағанда, майданға аттанып бара жатқан жастарды ауыл-аймақ, туған-туыс Таластың қазіргі Сәду Шәкіров ауылы тұсындағы «Үсенбай өткелден» шығарып салғанға ұқсайды. Жастар өзеннен арқан бойлап өткен деседі. Балаларын майданға шығарып салушы ата-аналар түрлі күй кешкен. Бір ана көп баладан қалған жалғыз ұлы арқан бойлап өзеннен өтіп бара жатқанда, шыдай алмай, аңыраған қалпы баласының артынан биік жардан суға секірген деседі. Мұны көрген Сәдудің анасы көзінің жасын тыя алмай, баласымен жылап қоштасса керек. Сонда Сәду анасын жұбатып:

— Апа, жылама! Неміс-фашист деген адамның баласы болса, төбесін ойып, кеңірдегін жұлып аламын, быт-шытын шығарып, талқандап, жеңіп келемін! — деген екен.

Бұл әңгімені, марқұм, Махамбет қария айтушы еді. Ауыл балалары мектепке кебеже арбамен қатынайды. Арбаны Махамбет қария айдайды. Бір қолын иығынан соғыс майданында қалдырған. Ауылдан мектепке жеткенше, мектептен ауылға жеткенше әңгіме айтады. Арбасын айдап, әңгімесін айтып келе жатып, майданда қалған қолының орнын сипап қоятын әдеті болыпты. Махаңның сол көп әңгімесінің бір үзінгі Әбиірбек інім беріректе бейнетаспаға жазып алыпты...

Есіміз кіргенде білдік, ағаларымыз бен көкелеріміз майданға бір ауылдың өзінен бір қол болып аттаныпты. Солардың көбі келмей қалған. Аман оралған азын-аулақтың екі-үшеуі соғысқа бір-бір қолдан беріп келді, үш-төртеуі екі таяққа сүйеніп жалғыз аяқ келді. Төрт мүшесі түгел келгендер бірен-саран ғана болды. Бірақ олар да жарақатсыз емес.

Сәду Шәкіров анасына айтқан сөзінде тұрды: неміс-фашистерінің талқанын шығарып, соғысты жеңіспен аяқтап, елге төрт мүшесі түгел, аман-есен оралды. Жау жарағынан қалған дене жарақаты сырт көзге көрінбеді.

Омырауына Ленин ордені мен Кеңес Одағының Батыры Алтын жұлдызын тағып, жарқырап келді.

Біздің ауыл бұрын Жданов совхозы, одан соң Сәду Шәкіров совхозы деп аталды, кейін Сәду Шәкіров ауылы болып аталды. Ауылда да, ауданда да Батырлар аз болған жоқ. Шағын бір ауылдың өзінде оннан астам Еңбек Ері болды. Ал соғыс ері, соғыстың басынан кіріп, аяғынан шыққан тірі батыр, төсіне Кеңес Одағының Батыры Алтын жұлдызын тағып аман келген батыр, бүкіл бір аймақта Сәду Шәкіровтің бір өзі еді.

Батыр, батырлық туралы қазақ халқының ұғымы биік. Біздің заманымызға дейінгі ғасырлардан XX ғасырға дейінгі аралықта соғыссыз өткен ғасыр, соғыс көрмей өткен буын болмаған. Соғыстың ауыртпалығы оңай емес. Еуразия кеңістігін мекен еткен халықтардың қай-қайсысы да түрлі кезеңдерде түрлі шапқыншылық пен басқыншылықтың ауыртпалығын қайыспай көтеріп, жаудан беті қайтпай соғысты. Ғасырдан ғасырға асқан, дәуірден дәуірге ұласқан мұндай басқыншылық пен шапқыншылыққа қарсы соғысқа рухы биік, танымы бай, қаһарман халық қана шыдайды. Рас емес пе. Әрине, рас. Шыны осы. Еуразия кеңістігінің байырғы халықтарының ішінде қазақ халқының тарихи тағдыр-талайына көз жібергенде, осы шындыққа көз жетеді.

Қазақ жері — ұлан-байтақ. Қазақ елі — мәңгілік. Ата-бабалар ерлігіне, ата-бабаларымыздың Атамекенге, Отанға деген қасиетті сүйіспеншілігіне ет-жүрегіміз елжіреп, тебіренген сәттерде осылай деп марқаямыз. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жарығын өшірмей, жарқылын жоғалтпай келе жатқан осы қасиетті сүйіспеншілік әр ұрпақтың көзінің қарашығындай сақтайтын асыл байлығы екенінде сөз жоқ.

Қолда барда алтынның қадірі жоқ екені өтірік емес. Елдің, елдің өскен өркенінің Атамекенге, Отанға деген қасиетті сүйіспеншілігін қолдағы алтынмен салыстыруға болмайды. Адамның өз қолындағы алтынның қадірін білмейтіні де, қолдан шығып кеткен соң, өкінетіні де рас. Бұрын осылай еді, қазір де солай. Елдің, елдің өскен өркенінің Атамекенге, Отанға деген қасиетті сүйіспеншілігін қолда емес, жүректе тұрады. Оны жоғалтқан адам өкінбейді, оны жоғалтқан адам өледі, тірі өлікке айналады. Сондықтан Елдің, елдің өскен, өсер өркенінің Атамекенге, Отанға деген қасиетті сүйіспеншілігін ардақтау, аялау, қорғау – әр азаматтың адамшылық парызы.

Ұлы Отан соғысының тарихында стратегиялық маңызы айрықша зор неше түрлі сұрапыл шайқастар болғаны белгілі. Оларды санап айтпағанда, Отан соғысының тарихында маневрлі қорғаныс шайқастары мен шабуылдап соғысудың тарихи маңызы аса зор үлгісі болып қалған үш шайқасты арнайы атауға болады. Оның біріншісі – Москва түбіндегі маневрлі қорғаныс шайқасы. Екіншісі – Курск иініндегі шайқас болса, үшіншісі – Днепр шайқасы. Алғашқы шайқас неміс-фашист басқыншыларының қарулы күшінің сұрапыл шабуылын тоқтатты. Екінші шайқас басқыншы жаудың ірі тобын күл-талқан етіп, бетін қайтарса, үшінші шайқастың нәтижесінде жау алдынан күткен үмітін үзіп, біржола тұралады.

Неміс фашистері Курск иінінде күйрей жеңілгеннен кейін, жеңістен үміттерін үзді. Алайда, «үмітсіз – сайтан» дегендей, олар Днепр қорғаныс белдеуінде қорғана соғысып, шабуылдаушы әскерлерді тоқтатудан қатты үміттенді. 1943 жылдың 11 тамызында неміс ставкасының Днепр қорғаныс бекінісінің өн бойында қорғаныс кешендерін орнату туралы бұйрығы шықты. Немістер Днепр бекінісін «Шығыс белдеу» деп атады.

Сәду Шәкіров Днепр шайқасына 106-шы Забайкал атқыштар дивизиясының 188 арғұн атқыштар полкі құрамындағы бірінші батальонының бірінші ротасында қатардағы қызыл жауынгер болып қатысты. 106-шы Забайкал атқыштар дивизиясы алпыс бесінші Армия құрамында Орталық майданда болды. Орталық майдан әскерлерінің алдына Украинаның сол жағалаудағы (Днепрдің сол жақ жағалауындағы) бөлігін неміс фашистерінен азат ету, Днепрден өтіп, оң жағалаудан негізгі күш үшін стратегиялық плацдарм дайындау, Воронеж, Степной, Оңтүстік, Оңтүстік-батыс майдандарының әскерлерімен бірге Украинаны жаудан толық азат ету міндеті қойылды. Бұл үлкен міндет еді.

1943 жылы 26 тамызда майдан қолбасшылары 1400 шақырымға созылған майдан шебі бойынша жаппай шабуылға шықты. Артиллерияның бораған оғы, әуе күштерінің бұршақша жауған соққылары астында жау жанталасып, қатты қарсылық көрсетті. К.К.Рокоссовскийдің айтуына қарағанда, жау осынша қиын-қыстау сәттердің өзінде қарсы шабуылға шығуға тәуекел етіп, өлермендік көрсетеді. Алайда, Орталық майданда Отан үшін от кешкен Сәду Шәкіров секілді ержүрек жауынгерлер үшін жеңілмес жау, алынбас қамал жоқ еді.

Орталық майданда Отан қорғаушылардың жаудың сол жағалаудағы шебіне шабуылы әуелде шағын кеңістік шегінде жүргізілді. Жау шабуылдаушыларға қарсы өз шебінің басқа бөлігіндегі күштерін әкеліп салуға мәжбүр болды. Осылайша жүргізілген соғыс барысында жаудың қорғаныс шебі бірнеше жерден селдіреп, олардың қорғаныс қуаты әлсіреді. Осы тұста Рокоссовский жаудың қорғаныс шебін басқа жерден бұзып-жаруға шешім қабылдайды. Нәтижесінде жаудың қорғаныс шебі бірнеше жерден бұзылды. Жау кері ығысты.

Днепрдің сол жағалауындағы ұрыстарда есеңгіреп қалған неміс әскерлерінің бір тобы 1943 жылдың 15 қыркүйегінде Днепрдің оң жағалауына бекіну туралы бұйрық алды. Неміс әскерлері сол жағалаудың Днерге дейінгі 30 шақырым аумағында пайдаға жарамды дүние-мүлікті өздерімен бірге алып кетті, қалған жерді үйіткен қойдай қылып күйдіріп, тып-типыл етті. Мұны олар «Үйіту тактикасы» деп атады. Неміс әскерлерінің легі Днепрдің оң жағалауына өтіп, алдын-ала дайындалған қорғаныс бекінісіне келіп орнықты. Жаудың Днепр бойындағы қорғаныс бекінісінің ұзына бойы 700 шақырым болды, онда 37 жаяу әскер дивизиясы, 17 танк дивизиясы шоғырланды. Жоғарғы Басқолбасшы шабуыл қарқынын бәсеңдетпей, шегінген жауды қуа соққан бойда Днепрді кідіріссіз кешіп өтудің стратегиялық маңызы туралы ойларын қайталап айтудан жалықпады. 9 қыркүйекте Жоғарғы Басқолбасшылық Днепр сияқты ірі өзендерден кідірмей өтіп, шабуылдап келе жатқан негізгі күшке арғы жағалауда қажетті стратегиялық плацдарм дайындағандарды Кеңес Одағының Батыры атағына ұсыну туралы нұсқауын бүкіл әскерге таратты. 26 қыркүйекте Орталық майдан қолбасшысы Днепрдің сол жағалауындағы жау бекінген плацдармдарды түгел және қысқа мерзім ішінде жою, Днепрдің оң жағалауына ұрыс салып өту туралы бұйрық алды.

Днепр шайқасына дейін Отан қорғаушы әскерлер шабуылдап соғысуда, жаудың барынша мықты жарақтанған бекіністерін тез және біржола жойып жіберу ісінде едәуір тәжірибе жинақтап, амал-айлаға да машықтанып қалған еді. Дегенмен бұл шайқасқа екі жақ бірдей қатты, қапысыз дайындалды. Дайындық барысында Отан қорғаушы әскерлер жаудың бекінісіне Днепрдің ұзына бойымен бір мезгілде шабуылдап, Днепрдің оң жағалауына соғыс салып өтуді, бекіністегі жауды жойып жіберуді көздеген еді. Бекініп жатқан дұшпан осы шайқаста шабуылдап келе жатқан әскерлердің бетін қалайда қайтарып, өздерінің жағдайын дұрыстап алуды мақсат етті. Бекіністің мықтылығы, қару-жарақпен қамтамасыз етілуі, артиллерия мен авиацияның, басқа да қарулы күштер түрлерінің қолдау мүмкіншілігі жаудың осылай ойлауына және сол ойының орындалуынан үміттенуіне мұрындық болды. Айтылған жайлар Днепр шайқасының сұрапыл сипатынан хабар бергендей еді. Днепр шайқасы расында да сұрапыл болды. Өзеннің ені кей тұстарда 3 шақырым дейін ашық айдыңға айналып жатты. Ал өзеннің оң жағасы сол жағалаудан әлдеқайда биік және тік жарлы болды. Сол биікте жаудың мұздай темір құрсаңы, оқ бүркіп, от шашуға дайын бекініс белдеуі жатты.

106-шы Забайкал атқыштар дивизиясының командирі полк командиріне Днепрден бірінші болып өтіп, дивизияға стратегиялық плацдарм жасау туралы бұйрық берді. Полк командирі өз кезегінде бірінші батальон командиріне бұйрық берді. Бұйрық бойынша, бірінші рота өзеннен бірінші болып өтуге дайындалды. Өзеннен өтуге қажетті жүзу жабдықтарын жауынгерлер қолдан жасады: қайық; бөренелерді біріктіріп буып жасаған сал; бөшекелер, тақтайлар – бәрі пайдаланылды. Рота алдына арғы жағалаудан негізгі күш үшін, ауыр техника үшін стратегиялық плацдарм дайындау міндеті қойылды. Осы міндет аясында негізгі күш, ауыр техника оң жағалауда Сәду Шәкіровтің ротасы дайындаған стратегиялық плацдарм бойынша өзеннен өткен бойда шабуыл салып алға асуға тиіс болды. Бұл сұрапыл соғыс жағдайында орындалатын міндет еді.

Сәду Шәкіров бірінші рота құрамында осы міндетті өрлікпен орындады. 1943 жылдың 15 қазанында бөренеден жасалған бірнеше шағын салмен топ-топ болып түн жамылып ашық айдыңға шықты. Немістердің жарқырап жанған оқтарының астындағы көріністің өзі жаннан түңілгендей еді. Толассыз жауған оқ, жарылған снаряд.

Біреулер оқтан құлауда, біреулер қайығымен, тобымен снарядтардың жарылысынан аспанға ұшуда. Оң жағалауға жақындай бергенде, бұлардың салына снаряд тиіп, үстіндегі жауынгерлер жан-жаққа ұшты, сал үстіндегі пулеметтер су түбіне кетті. Өлгені өлді, жараланғаны жараланды. Туған жерінде Талас өзенінің суында балықша жүзіп өскен Сәду Шәкіров үшін Днепр суының бетімен жүзу де, астымен жүзу де қиынға түскен жоқ. Жаудың оғынан аман қалғандар бөренелерді қалқалай жүзіп, жағаға шықты. Жағалауда сұрапыл ұрыс басталды. Жау әскерлері бұларды кері ығыстырып, Днепрдің жарынан төмен құлатуға тырысып жанталасты. Сәду Шәкіров жау шебіне бір табан да болса жақындай берді. Енді бір сәтте жау бекінісіне граната лақтыратын межеге де жетпек. Бірақ бекіністен бораған оқ бас көтертетін емес. Артындағы серіктері де жер бауырлап жатыр. Бүкіл бір рота жауынгерлерінің бірі тірі, бірі өлі, бірі жаралы, бірі сау. Сәду Шәкіровтің қойнында қызыл ту. Жаудың бекінісінің биігіне қызыл ту тіксе, оқ астындағы серіктері аман қалатындай, жау тым-тырақай қашатындай көрінеді. Алға атылып, жау бекінісіне граната лақтырды, тағы лақтырды. Жау бекінісінің граната түскен аймағы қопарылып түсті. Жаудың біразы жойылып кетті, аман қалған біразы оққа ұшты. Сәду Шәкіров бекіністің биігіне қызыл ту тікті. Жау бекінісінің биігінде снарядтар жарылысынан, жанған оттар жарығынан көзге алаулап шалынған қызыл ту шабуылдағы жауынгерлердің қуатын тасытты, рухын көтерді.

Сәду Шәкіров, командирінің тапсырмасы бойынша, қасындағы серіктерін жау бекінісінің өздері тартып алған бөлігіне жайғастырды да, Днепрден кері қарай өтіп, байланысшылар мен пулеметшілерді құрал-жабдықтарымен алып келеді. Осылайша қатардағы жауынгер Сәду Шәкіров оқ астында от оранып жатқан Днепрді ары-бері үш рет кешіп өтті. Сәду Шәкіров алып келген пулеметшілер тобы жаудың қарсы шабуылдарын тойтарып, жаудан тартып алған плацдармды қорғау және ұлғайту жолында ерлікпен шайқасты. Байланысшылар негізгі күшпен байланыс орнатты, жаудың қалың шоғырланған аумақтары мен оқ бүріккен бекіністерін дәл көрсетіп, оларды алыстан атқылап жойып жіберуге атсалысты.

Таң ата ұрыс басқа деңгейде жалғасты. Сәду Шәкіровтің тобы Гомель облысына қарасты Лоев елді мекенінің оңтүстік батысында үшінші желі бойында жабдықталған жау бекінісін жою үшін соғысты. Осы соғыс барысында Сәду Шәкіров тағы да ерен ерлік көрсетті. Оқ бүркіп тұрған жау бекінісіне бірінші болып жетіп, оны граната лақтырып жойып жіберді. Әр жерден ербиіп шыққан бес дұшпан сол жерде батыр қазақтың атқан оғынан өлім тапты. Сәду Шәкіров жау бекінісінің биігіне жеңіс белгісі ретінде желбіретіп қызыл ту тікті.

Днепр шайқасында Сәду Шәкіров жау снарядынан жараланады. Майдандас серіктері оны өлдіге санады. Полк командирі Сәду Шәкіровті Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған марапаттау парағына оның ерлікпен қаза тапқаны туралы жазды. Бірақ ол тірі қалған еді. Өліп тірілгендей еді. Сол жылдың қазанында, Днепр шайқасы аяқталысымен, қаһарман қазақ Екінші Прибалтика майданына 71-ші бөлек химиялық қорғаныс батальонының қатардағы химик-солдаты ретінде жіберілді.

Днепр шайқасында, тарих деректеріне қарағанда, Кеңес Одағы жағынан 417 323 адам қаза тапты, жау жағының адам шығыны миллионға дейін барды. Осы сұрапыл шайқаста ерен ерлік көрсеткен екі жарым мыңдай солдаттар мен сержанттар, офицерлер мен генералдар Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың қатарында 106-шы Забайкал атқыштар дивизиясының командирі полковник М.М.Власов пен осы дивизияның қатардағы жауынгері, қаһарман қазақ Сәду Шәкіров бар еді.

Сәду Шәкіровтің Днепр шайқасындағы ерлік істері туралы полк командирі, майор Козлов мынадай мәліметтер береді: «Жолдас Шәкіров Днепрден өту үстінде бір топ жауынгерлермен бірге жаудың жаңбырша жауған оғының астында Днепрдің оң жағалауына өтті. Бір қолына қызыл ту ұстап, екінші қолына гранат алып, жаудың траншеясына ұмтылды. Немістерді қуып шығып, траншея басына қызыл ту тікті. Днепрді үш рет ары-бері жүзіп өтті, оң жағалауға пулеметшілер мен байланысшыларды өткізді. 1943 жылдың 16 октябрі күні Лоев деген жердің оңтүстік батысындағы 138. 66 биіктіктегі жау бекінісін шабуылдау барысында бекініске бірінші болып жетіп, оның төбесіне қызыл ту тікті, 5 немістің көзін жойды».

Сәду Шәкіровтің Днепр шайқасында ерлік істерін көрсете келіп, полк командирі майор Козлов 1943 жылы 19 қазанда оған Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы ұсыныс жасайды. Полк командирінің ұсынысы бойынша 1943 жылы 23 қазанда Армияның Әскери Кеңесінде оң қорытынды қабылданады. Белорусь майданының Әскери Кеңесінің қорытындысында да осындай шешім қабылданды. Оған Армия генералы Рокоссовский, Соғыс Совет мүшесі, генерал-лейтенант Телегин 1943 жылы 30 қазан күні қол қойған. Қорытындының бетіне Сәду Шәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағын беру туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы осы күні шыққаны туралы штамп басылған (30.10.1943). Зерттеушілердің анықтауынша, Кеңес Одағының Батыры Алтын жұлдызы мен Ленин орденін Сәду Шәкіров 1944 жылы Кремльге барып алған.

Батыр дүниеден өтті. Артында Батыр атағы қалды. Өлмейтін ісі қалды. Артында Батыр атағы, өлмейтін ісі қалған адам өлсе де өлмегенмен тең.

Жанғара Дәдебаев

Қазақ әдебиеті. - 2015. - №16 (3441)

<http://www.writers.kz/journals/?ID=10&NUM=353&CURRENT=&ARTICLE=9391>